

Атамекен ауылы

(қаз.Атамекен, 2002 жылға дейін-Совхозное)

Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданындағы ауыл. Қазақстан ауылдық округінің әкімшілік орталығы. Ауданның әкімшілік орталығы Тасқала ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 37 шақырым жерде, теңіз деңгейінен 31 метр биіктікте орналасқан. 1999 жылы ауыл халқының саны 1146 адамды құрады (563 ер адам және 583 әйел адам). 2009 жылғы санақ мәліметтері бойынша, ауылда 936 адам (468 ер адам және 468 әйел) тұрды. 2015 жылы ауыз су мәселесі шешілді. Сондай-ақ мұнай ұңғымаларын бұрғылау жұмыстары жүргізілуде.